



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 17 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 6 м а у с ы м
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2006 жылғы 15 маусымда мынадай болды:

| | Ағымдағы бағамен | Тұрақты бағамен ¹ |
|---|------------------|------------------------------|
| Таза халықаралық резервтер, млн.долл. | 13 706,1 | 13 601,8 |
| оның ішінде: | | |
| ЕАВ таза активтер ² | 12 615,5 | 12 615,5 |
| Алтын | 1 090,6 | 986,3 |
| Ақша базасы, млрд. теңге | 978,9 | 978,9 |
| Аз ақша базасы ³ , млрд. теңге | 750,9 | 750,9 |
| ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері ⁴ , млрд. теңге | 214,9 | 214,9 |
| KZT/USD (кезең аяғында) | 119,29 | 133,98 |
| Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен) | 567,25 | 513,00 |

1 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.

2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

3 Аз ақша базасы – ҚРҰБ-нің ЕДБ мерзімді депозиттері ескерілмеген ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2006 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 2,3%-ға (немесе 324,8 млн. долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операцияларды жүргізу жағдайларында да таза валюта қорларының 158,0 млн. долларға төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 13,3%-ға төмендеуі нәтижесінде 166,8 млн. долларға азайды.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,1%, ЕАВ-мен таза активтер – 1,2% төмендеді, алтынмен активтер өзгерген жоқ.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 8 769,1 млн. долл.) қоса алғанда 22 479,3 млн. долл. болды. Өткен айда төмендеуі 1,2 % болды.

2006 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі ақша базасының 6,0%-ға (немесе 62,7 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды. Бұл ретте, аз ақша базасының тарылуы (ҚРҰБ-нің ЕДБ мерзімді депозиттері ескерілмеген) 1,7% (немесе 13,3 млрд. теңге) болды.